

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ СЕРИЯСЫ
1997 ЖЫЛДАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



ВЕСТНИК ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА

ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ СЕРИЯ
ИЗДАЕТСЯ С 1997 ГОДА

ISSN 2710-2661

№ 3 (2022)

ПАВЛОДАР

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайгыров университета

Педагогическая серия
выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

о постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания
№ KZ03VPY00029269

выдано

Министерством информации и коммуникаций
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области педагогики,
психологии и методики преподавания

Подписной индекс – 76137

<https://doi.org/10.48081/DIFL9621>

Бас редакторы – главный редактор

Бурдина Е. И.

д.п.н., профессор

Заместитель главного редактора

Ксембаева С. К., *к.п.н., доцент*

Ответственный секретарь

Нургалиева М. Е., *PhD доктор*

Редакция алкасы – Редакционная коллегия

Пфейфер Н. Э.,

д.п.н., профессор

Жуматаева Е.,

д.п.н., профессор

Абибулаева А. Б.

д.п.н., профессор

Мирза Н. В.,

д.п.н., профессор

Фоминых Н. Ю.,

д.п.н., профессор (Россия)

Снопкова Е. И.,

к.п.н., профессор (Белоруссия)

Кудышева А. А.,

к.п.н., ассоц. профессор

Оспанова Н. Н.,

к.п.н., доцент

Оралканова И. А.,

доктор PhD

Омарова А. Р.,

технический редактор

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/XJSB4939>

**М. Н. Койшибаев¹, Ж. М. Майгельдиева²,
М. Ш. Жұмағұлова³, Р. К. Диуанова⁴, *С. А. Нургалиева⁵**

^{1,2,3,4}Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті,

Қазақстан Республикасы, Қызылорда қ.;

⁵С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті,

Қазақстан Республикасы, Өскемен қ.

ЖОҒАРЫ МЕКТЕП ЖАҒДАЙЫНДА БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІ КӘСІБИ-ЭТИКАЛЫҚ ДАЯРЛАУ

Мақала жоғары мектеп жағдайында болашақ мұғалімдерді кәсіби-этикалық даярлаудың өзекті мәселесіне арналған. Авторлар кәсіби-этикалық даярлықтың мазмұнын ашады, оның студенттердің болашақ кәсіби қызметіндегі рөлі мен орнын белгілейді. «Кәсіби педагогикалық этика» пәнінің жұмыс бағдарламасы нақтыланды және «қолданбалы этика» элективті курсының мазмұны әзірленді; қосымша шығармашылық тапсырмалары бар стандартталған тестілерді қамтитын мына пәндер бойынша: дискурстар – оқытудың және өзін-өзі оқытудың коммуникативтік жүйесінде ақпаратты беру тетігі ретінде, фреймдер – дискурстық педагогиканың құралы ретінде, тестілер мен тренингтер (пәннің жетілдірілген жұмыс бағдарламасына сәйкес) және «кәсіби оқыту педагогі» біліктілігі бойынша білім алушылардың білімін бағалаудың рейтингтік жүйесін қамтитын практикалық сабақтарды әдістемелік қамтамасыз ету жүйесі әзірленді. Әзірленген тренингтер кешені жоғары мектеп жағдайында болашақ мұғалімдерді кәсіби-этикалық даярлауға бағытталған. Қорытынды бақылаудың модульдік сапа жүйесін қолдану нәтижесерін талдай отырып, біз студенттердің білім алу қызметін бағалаудың екі бағытын курстың барлық модульдерін игерудің жалпы бағасына біріктіріп, яғни курсты оқу нәтижесері бойынша дәстүрлі тест тапсырудың орнына қорытынды баға қоямыз. Біз жүргізген теориялық зерттеу, сондай-ақ білім беру практикасының талдауы және эксперимент барысында алынған нәтижесер зерттеу мақсатына жету туралы қорытынды жасауға барлық негіз береді: жоғары мектептегі кәсіби білім берудің болашақ

мұғалімінің кәсіби-этикалық даярлығының әдістері мен нысандары белгіленді және эксперименталды түрде тексерілді.

Кілтті сөздер: этика, педагогикалық этика, кәсіби даярлық, болашақ мұғалім, жоғары мектеп.

Кіріспе

Әлеуметтік-педагогикалық зерттеулердің талдауы көрсеткендей, кәсіптік-педагогикалық білім беру жүйесінің сауалнамаға қатысқан түлектерінің көпшілігі этика саласында жеткілікті білім мен дағдыға ие емес, бұл олардың кәсіби қызметін қиындатады: респонденттердің 37%-дан астамы өздерінің кәсіптік-білім беру қызметінде даулы жағдайларды еңсере алмайтындықтарын айтады; шамамен алғанда 38%-ы әлеуметтік проблемалар туындаған жағдайда студенттердің моральдық және моральдық сипаттағы күрделі мәселелерді шешу технологияларын білмейді [1].

Сондай-ақ сауалнама нәтижелері мыналарды көрсетті: көптеген мұғалімдер үшін этика саласындағы ең бастысы – тұлғааралық қарым-қатынас психологиясын білу (78,7%), білім беру мекемесінің корпоративтік мәдениетін қолдау (57%), ал 15%-дан азы бұл мәселе бойынша ойланбағандарын және осы проблема бойынша нақты ұстанымы жоқ деп жауап берді [2].

Жоғарыда айтылғандардың негізінде келесі қарама-қайшылықтар анықталды: бір жағынан, қоғамда және еңбек нарығында болашақ кәсіби оқыту саласында мұғалімінің кәсіби-этикалық даярлығы деңгейін арттыру қажеттілігі қалыптасты, ал екінші жағынан, болашақ маманның әлеуметтік-жеке құзыреттері қалыптасуының жүйе құрушы негізі ретінде этика саласындағы теориялық білімі мен практикалық дағдыларының басымдылығы толық анықталмады [3–4]. Анықталған қарама-қайшылық болашақ жоғары білім беру мұғалімінің кәсіби-этикалық даярлығының әдістері мен формалары қандай болуы керек жөніндегі зерттеу мәселесін тұжырымдауға мүмкіндік береді.

Материалдар мен әдістер

Болашақ маманның кәсіби-этикалық даярлығының негізгі компоненттерінің жіктеуін, оның – кәсіби білім беру мұғалімінің кәсіби және жеке құзыреттілігін (Е. В. Бондаревская, И. А. Зимняя, Л. С. Гребнев, С. Елканов, В. А. Кан-Калик, Н. Д. Никандров, Халаж, А. В. Хуторская және т.б.). мазмұны бойынша (бейімдеу-өркениеттік, әлеуметтік-ұйымдастырушылық, әлеуметтік-еңбек; коммуникативтік, құндылық-мағыналық) және мамандығы ескерілген мақсаты бойынша (ұйымдастырушылық-басқарушылық, оқу-

тәрбиелік, әдістемелік және т.б.), сондай-ақ жеке тұлғаның даму процесінде атқаратын рөлі бойынша біз ғылыми зерттеу негізінде белгіледік [5-6].

Олардың негізгілерін бөліп көрсетейік және анықтамаларын нақтылайық (1-сурет):



Сурет 1 – Болашақ мұғалімнің кәсіби-этикалық даярлығының негізгі құрамдастары

Осылайша, мына компоненттер: әлеуметтік өзара әрекеттесу мен тұлғаның зияткерлік бастамасының мәдени-құндылық және жеке бағдарлануы, коммуникативті қабілеттердің қалыптасуы, денсаулық сақтау және өзін-өзі жетілдіру; жеке қасиеттерді: дербестікті, жауапкершілікті, ұйымдастырушылықты, мақсаттылықты, сондай-ақ мотивациялық және құндылық бағдарды, гуманистік көзқарасты және кәсіби және әлеуметтік шындықты, сонымен қатар командада жұмыс істеу мүмкіндігін дамыту болашақ ұстазды кәсіби оқытудың жоғары мектебінде кәсіби-этикалық даярлаудың мәні мен мазмұны болып табылады [7–8].

Нәтижелер мен талқылаулар

Жоғары мектеп жағдайында болашақ мұғалімдердің кәсіби-этикалық даярлығын зерттеу шеңберінде біз «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» КЕАҚ гуманитарлық-педагогикалық институтының студенттері арасында эксперимент жүргіздік. Іріктеме 144 адамды құрады, оған 2, 3 және 4-курстардың бакалавр студенттері қатысты. Респонденттерге жалпы тақырыппен біріктірілген мұғалімнің кәсіби-педагогикалық этикасы мен мәдениеті бойынша сұрақтар ұсынылды. Студенттердің өзін өзі бағалауы бойынша жалпы мәдениеттің төмен деңгейі жоқ. Олардың кәсіби-педагогикалық мәдениетінің дамуына кімнің үлкен ықпал еткені туралы сұраққа жауаптар келесі түрде бөлінді: сұралғандардың 22 %-ы

анасын (ата-анасы); 32 %-ы мектеп мұғалімдерін (бастауыш сынып мұғалімі, пән мұғалімі, директор); студенттердің 46 %-ы ЖОО оқытушыларын (бұл ретте респонденттердің 93 %-ы ЖОО оқытушыларының мәдениет деңгейін жоғары, ал 7 %-ы орта деңгейден жоғары деп бағалады) атады. Жоғарыда келтірілген статистикалық есептеу деректері біздің ұстанымымызды қолдайды: болашақ мұғалімдердің педагогикалық этикасының дамуына университеттегі студенттер үшін мақсатты түрде жасалған жағдайлар (психологиялық, кадрлық, ақпараттық) айтарлықтай әсер етеді, бұл олардың кәсіби этикалық нормаларды игеруін қамтамасыз етеді.

Жұмыстың келесі кезеңінде біз «Кәсіби-педагогикалық этика» пәні аясында этика саласында практикалық оқытудың ұйымдастырушылық нысандарын, құралдары мен әдістерін әзірледік. Практикалық сабақтарда студенттердің шығармашылық жұмысын келесі өзара байланысты деңгейлер түрінде ұсынуға болады:

1) тақырыппен және тақырып бойынша оқу-әдістемелік материалмен танысу (дереккөздер: ұсынылатын анықтамалық-ақпараттық модуль, жеке іздеу және ұжымдық іздеу қызметі, лекция материалдары және т.т.);

2) рефераттар тезистерін талқылау, экспромт-диспуттар, экспресс тақырыптар, пікірталастар, жаңа ұғымдық бағыттарды қалыптастыратын және қолда бар ақпаратты өзектендіретін білім алмасудың басқа да нысандары;

3) ұсынылған материалды жинақтау және ұсынылған тақырыпты әзірлеумен жұмыстың неғұрлым күрделі кезеңінің басталуы [9–10].

Сабақтарда біз топтың барлық студенттерінің әртүрлі экспресс-әлеуметтік оқиғаларды және қоғамдағы басқа да маңызды іс-шараларды талқылауға және салыстыруға белсенді қатысуын қалыптастыру мақсатында креативті педагогика жүйесінің элементтерін, тұлғаға бағытталған экспресс-пікірталастарды, диспуттарды және қарым-қатынасты қарқындатудың және студенттердің практикалық ойлау дағдыларын дамытудың басқа да нысандарын әзірлеу бағытында сындарлы педагогика теориясын қолдана отырып, педагогикалық технологиялар кешенін пайдаландық [11].

«Қолданбалы этика» элективті курсы бойынша практикалық сабақтар үшін «креативті практикалық сабақтың» неғұрлым өнімді құрылымын және біздің ойымызша, олардың тақырыптары бойынша арнайы таңдалған проблемалық модульдер мен студенттердің белгіленген тақырыптарының қызығушылығы мен сәтті түсінуіне мүмкіндік беретін ерекше тапсырмаларды бөліп көрсетеміз [12].

Қорытынды бақылаудың модульдік сапа жүйесін қолдану нәтижелерін талдай отырып, біз студенттердің білім алу қызметін бағалаудың екі бағытын курстың барлық модульдерін игерудің жалпы бағасына біріктіріп, яғни курсты

оқу нәтижелері бойынша дәстүрлі тест тапсырудың орнына қорытынды баға қоямыз.

Студенттер өз бетінше шығармашылық жұмысты - кәсіби қызметте жеке этика кодексін әзірлеу, қазіргі Қазақстанның басым ұлттық жобаларын шешуде өз кәсібінің әлеуметтік-экономикалық маңыздылығын түсіну тапсырмаларын орындайды.

Кәсіптік оқытудың жоғары мектептегі болашақ педагогін кәсіби-этикалық дайындау кезіндегі практикалық сабақтар мазмұнының проблемалылығын біз бірлескен шығармашылық жобалар тақырыптарын (жобада екі-үш студент) іріктеу басымдылығымен, пікірталас тақырыптарының өзектілігі мамандықтың кәсіби бағдарымен белгіленетін сабақтардың инновациялық мазмұнымен айқындадық.

Сондықтан біз әр модульдің ойын технологиясының модельдерін жасадық, тәжірибе сұраныстарын белгілейтін қиын жағдайларды, этикалық сипаттағы күрделі практикалық мәселелерді әзірледік.

2-суретте эксперименттік топтардың «Кәсіби-педагогикалық этика» пәні бойынша теориялық білім мен практикалық дағдыларды игерудің ағымдағы нәтижелері көрсетілген.



Сурет 2 – «Кәсіби-педагогикалық этика» пәні бойынша теориялық білімдерді және практикалық дағдыларды игеру нәтижелері

Біздің зерттеуіміздің нәтижелері кәсіби және этикалық даярлықты қалыптастыру процесі ұзақ деп қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Жұмыста қарастырылған әдістер арқылы кәсіби этиканың қалыптасу деңгейін өлшеу, біріншіден, кәсіби этика саласындағы кәсіби даярлық

бойынша студенттермен кері байланыс орнатуға мүмкіндік береді, екіншіден, студенттердің университеттің жағдайында маманның кәсіби этикасын қалыптастыру бойынша өз еңбегін бағалауға деген қажеттіліктерін қанағаттандыруға көмектеседі.

Қорытынды

Біз жүргізген теориялық зерттеу, сондай-ақ білім беру практика-сының талдауы және эксперимент барысында алынған нәтижелер зерттеу мақсатына жету туралы қорытынды жасауға барлық негіз береді: жоғары мектептегі кәсіби білім берудің болашақ мұғалімінің кәсіби-этикалық даярлығының әдістері мен нысандары белгіленді және эксперименталды түрде тексерілді.

Сонымен бірге, зерттеу ЖОО жағдайында маманның кәсіби этикасын қалыптастырудың күрделі және көп мәнді проблемасының көптеген аспектілерін ашпайды және осы зерттеу пәні бойынша толық ұсынылуға талаптанбайды, керісінше перспективалы бағыттарды айқындауға және ЖОО-да студенттердің этикалық даярлық жүйесін енгізуді әзірлеу жұмысын ұсынуға мүмкіндік береді, оған келесі кезеңдер кіреді: диагностикалық, болжамдық, өзіндік ұйымдастырушылық, практикалық, жинақтау және енгізу кезеңдері.

Біздің ойымызша, алдағы уақытта болашақ мұғалімнің кәсіби-этикалық даярлығы мәселесін тек кәсіби этика тұрғысынан ғана емес, сонымен қатар салыстырмалы педагогика аясында халық-аралық әдеп шеңберіндегі этикалық қатынастар проблемасының ауқымын ұлғайта отырып, кеңірек қарау керек.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 Бисембаева, Н., Сарсенбаева, Б., Махметова, Н., Рахимжанова, А., Кошкимбаева, Р. «Профессионально-этическая подготовка будущих педагогов в высшей школе» [Текст] // Сборник научных трудов АОГОУ. – 2021. – № 3. – С. 18–22.

2 Неретина, Т., Исаева, И. Педагогическая этика будущих учителей как компонент профессиональной характеристики [Текст] // Гуманитарно-педагогические исследования. – 2018. – № 1. – С. 6–11.

3 Елисеева, Ю. Принципы и ценности этики в педагогической деятельности [Текст] // Молодой ученый. – 2016. – № 3. – С. 14–18.

4 Әбдікәрімұлы, Б. Кредиттік оқыту жүйесіндегі студенттің өздік жұмысын ұйымдастырудың үлгісі және педагогикалық шарттары [Мәтін] // Қазақстан жоғарғы мектебі. – 2006. – № 3. – Б. 5–11.

5 Беркімбаев, К. Болашақ экология мамандарын кәсіби даярлаудағы информатикалық пәндерді оқыту үдерісінің педагогикалық жүйесі: дисс... пед. ғыл. докторы: 13.00.08 [Текст] – Түркістан, 2007. – 239 б.

6 **Жетписбаева, Б., Жилбаев, Ж., Байдельдинова, Г.** Студенттерінің жеке дағдыларының қалыптасуы [Мәтін] // Хабаршы. Қарағанды университеті. «Педагогика» сериясы. – 2017. – № 2 (86). – Б. 11.

7 **Боранбаева, А., Беркимбаев, К., Арымбаева, К.** Болашақ мұғалімдердің өздігінен білім алуын ұйымдастырудың мазмұндық сипаты [Мәтін] // К. Қ. Құнантаеваның 85 жылдығына арналған «Қазақстан Республикасының әлемдік кеңістіктегі білім мен ғылымның даму тарихы және заманауи тенденциялары» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – 2016. – Б. 377–339.

8 **Беркимбаев К., Арымбаева К., Боранбаева А.** Жоғары оқу орындарында болашақ мұғалімдердің өздігінен білім алу үрдісінің мәні мен құрылымы [Мәтін] // Әл-Фараби атындағы қазақ ұлттық университеті Қаз ҰУ Хабаршы. «Педагогикалық ғылымдар» сериясы. – 2016. – № 2 (48). – Б. 46–54.

9 **Бичева, И., Варивода, В.** Структура и содержание профессиональной этики будущего педагога: теоретико-образовательный контекст [Текст] // Вестник Мининского университета. – 2016. – № 3 (16). – С 6–13.

10 **Кондрашова, Л.** Этико-профессиональный аспект подготовки будущих специалистов к исследовательской деятельности [Текст] // Общество. Коммуникация. Образование. – 2013. – № 172. – С. 101–107.

11 **Дубовицкий, И., Уварова, Н., Сорокопуд, Ю.** Структура и содержание кодекса профессиональной этики педагога в контексте практической реализации гуманистических идей в образовательной практике [Текст] // МНКО. – 2017. – № 4 (65). – С. 159–161.

12 **Әбдікәрім, Т.** Магистранттарға қазақ тілін жобалай оқыту технологиясының әдістемелік негізі [Мәтін] // ЕҰУ Хабаршысы. Гуманитарлық ғылымдар сериясы. – 2012. – № 3(88). – Б. 63–66.

REFERENCES

1 **Bisembayeva, N., Sarsenbayeva, B., Makhmetova, N., Rakhimzhanova, A., oshkimbayeva, R.** «Professionalno-eticheskaya podgotovka budushchikh pedagogov v vysshei shkole» [Professional and ethical training of future teachers in higher education] [Text]. Sbornik nauchnykh trudov АГОС. – 2021. – № 3. – P. 18–22.

2 **Neretina, T., Isaeva, I.** Pedagogicheskaya etika budushchikh uchitelei kak komponent professionalnoi kharakteristiki [Pedagogical ethics of future teachers as a component of professional characteristics] [Text]. Gumanitarno-pedagogicheskie issledovaniia. – 2018. – № 1. – P. 6–11.

3 **Eliseeva, Iu.** Printsipy i tsennosti etiki v pedagogicheskoi deiatelnosti [Principles and values of ethics in pedagogical activity] [Text]. Molodoi uchenyi. – 2016. – № 3. – P. 14–18.

4 Әбдікәрімұлы, B. Kredittik оқыту зһыесіндегі studentтің өздик зһымсын җйімдастырудың ылгisi зһәне pedagogикалық шарттары [Model and pedagogical conditions for the organization of independent work of students in the system of credit education] [Text]. Qazaqstan joғarғы mektebi. – 2006. – № 3. – P. 5–11.

5 **Berkimbaev, K.** Bolashak ekologiiа mamandaryn kәsibi daiarlaudary informatikalық pәnderdi оқыту үderisiniң pedagogikalық зһyesi [Pedagogical system of the process of teaching computer science in the professional training of future ecologists: dissertation ... ped. science Doctor: 13.00.08] [Text] – Tүrkistan, 2007. – 239 p.

6 **Zhetpisbaeva, B., Zhilbaev, Zh., Bajdel'dinova, G.** Studentteriniң zheke dardylarynuң kalыptasuy [Formation of individual skills of students] [Text]. Хабаршы. Qararandy universiteti. «Pedagogika» seriyasy. – 2017. – № 2 (86). – P. 11.

7 **Berkimbaev K., Arymbaeva K., Boranbaeva A.** Zhoғary оқу оryndarynda bolashak mұғalimderdiң өzdiginen bilim alu үrdisiniң мәni men құrylymy [The content of the organization of self-education of future teachers] [Text] – K. Q. Құnantayevnyң 85 zhyldyғyna arnalған «Qazaqstan Respublikasynyң әlemdik keңistiktegi bilim men ғылымnyң damu tarixy zһәне zamanauı tendenciyalary» atty xalyqaralық ғыlymi-praktikalық konferenciya materialdary, 2016. – P. 377–339.

8 **Berkimbaev K., Arymbaeva K., Boranbaeva A.** Zhoғary оқу оryndarynda bolashak mұғalimderdiң өzdiginen bilim alu үrdisiniң мәni men құrylymy [The essence and structure of the process of self-education of future teachers in higher education] [Text]. Әl-Farabi atyndary qazaқ ылtyқ universiteti Qaz YU Хабаршы. «Pedagogikalық ғыlymdar» seriyasy. – 2016. – № 2 (48). – P. 46–54.

9 **Bicheva, I., Varivoda, V.** Struktura i sodержanie professional'noj e'tiki budushhego pedagoga: teoretiko-obrazovatel'nyj kontekst [Structure and content of professional ethics of the future teacher: theoretical and educational context] [Text]. Vestnik Mininskogo universiteta. – 2016. – № 3 (16). – P.6–13.

10 **Kondrashova, L.** E'tiko-professional'nyj aspekt podgotovki budushhix specialistov k issledovatel'skoj deyatel'nosti [Ethical and professional aspect of preparing future specialists for research activities] [Text]. Obschestvo. Kommúnikatsiia. Obrazovanie. – 2013. – № 172. – P. 101–107.

11 **Dubovickij, I., Uvarova, N., Sorokopud, Yu.** Struktura i sodержanie kodeksa professional'noj e'tiki pedagoga v kontekste prakticheskoy realizacii gumanisticheskix idej v obrazovatel'noj praktike [The structure and content of the teacher's code of professional ethics in the context of the practical implementation

of humanistic ideas in educational practice] [Text]. MNKO. – 2017. – № 4 (65). – P. 159–161.

12 **Əbdikərim, T.** Magistrantlarğa qazaq tilin zhobalaj okytu texnologiyasynyn ədistemelik negizi [Methodological basis of the technology of project-based teaching of the Kazakh language to undergraduates] [Text]. EYU Xabarshysy. Gumanitarlyk fylymdar seriyasy. – 2012. – № 3 (88). – P. 63–66.

Материал 14.09.22 баспаға түсті.

*М. Н. Койшибаев¹, Ж. М. Майгельдиева², М. Ш. Джумагулова³,
Р. К. Диуанова⁴, *С. А. Нурғалиева⁵*

^{1,2,3,4}Кызылординский университет имени Коркыт Ата,

Республика Казахстан, г. Кызылорда;

⁵Восточно-Казахстанский университет имени С. Аманжолова,

Республика Казахстан, г. Усть-Каменогорск.

Материал поступил в редакцию 14.09.22.

ПРОФЕССИОНАЛЬНО-ЭТИЧЕСКАЯ ПОДГОТОВКА БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ В УСЛОВИЯХ ВЫСШЕЙ ШКОЛЫ

В настоящей работе раскрываются вопросы профессионально-этической подготовки будущих учителей, которые считаются важным направлением профессиональной подготовки студентов на основе фундаментальных принципов морали, этики, гуманистических идеалов и принципов, характерных для педагогической профессии. Авторы уточняют и дополняют содержание профессионально-этической подготовки, определяют ее положение и миссию в будущей профессиональной деятельности специалистов. В статье показано, что профессиональная этика учителя признана научной областью, изучающая проявления нравственности и принципов профессиональной деятельности, модели поведения и отношения в диаде «преподаватель» – «студент как будущий учитель», выраженные в виде этических кодексов. Уточнена и дополнена программа с учетом требований по обновленному содержанию образования и разработано содержание разработанного элективного курса; разработано и внедрено методическое обеспечение практических занятий по данным дисциплинам, состоящий из тестов с дополнительными творческими заданиями, рассуждения – как условие передачи информации в коммуникативной среде обучения и самореализации будущих учителей,

методов и приемов дискурсивной педагогики для формирования компетенции в области профессиональной этики у будущих учителей, в которых отражены инновации с требованиями образовательного стандарта для будущих учителей.

Ключевые слова: этика, педагогическая этика, профессиональная подготовка, будущий учитель, высшая школа.

*M. N. Koishibaev¹, Zh. M. Maigeldiyeva², M. Sh. Jumagulova³, R. K. Diuanova⁴,
S. A. Nurgaliyeva⁵

^{1,2,3,4}Korkyt Ata Kyzylorda University,
Republic of Kazakhstan, Kyzylorda;

⁵EKU S. Amanzholova,
Republic of Kazakhstan, Ust-Kamenogorsk.

Material received on 14.09.22.

PROFESSIONAL AND ETHICAL TRAINING OF FUTURE TEACHERS IN THE CONDITIONS OF HIGHER EDUCATION

The article is devoted to the actual problem of professional and ethical training of future teachers of higher education. The authors clarify and supplement the content of professional and ethical training, determine its position and mission in the future professional activity of specialists. This problem is filled by a holistic approach to the professional and ethical training of a future teacher in a higher school, accredited in the form of a model with didactic components, including: goals, approaches, principles, innovative orientation, program content, results, and defines the target and operational (methodological, research, creative, etc.) functions of a teacher's professional activity. The program has been clarified and supplemented taking into account the requirements for the updated content of education and the content of the elective course has been developed; the methodological support of practical classes in these disciplines has been developed, consisting of tests with additional creative tasks, reasoning as a condition for transmitting information in the communicative learning environment and self-realization of future teachers, methods and techniques of discursive pedagogy for the formation of discursive competence of future teachers, trainings in accordance with the improved work program of the discipline for future teachers.

Keywords: ethics, pedagogical ethics, professional training, future teacher, higher school.

Теруге 14.09.2022 ж. жіберілді. Басуға 30.09.2022 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

3,23 Mb RAM

Шартты баспа табағы 24,6.

Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген З. С. Исакова

Корректоры: А. Р. Омарова, Т. Оразалинова

Тапсырыс № 3976

Сдано в набор 14.09.2022 г. Подписано в печать 30.09.2022 г.

Электронное издание

3,23 Mb RAM

Усл.п.л. 24,6. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка З. С. Исакова

Корректор: А. Р. Омарова, Т. Оразалинова

Заказ № 3976

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

8 (7182) 67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.pedagogic-vestnik.tou.edu.kz